

Комбайндар сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 3 шілде N 316

Дәнді дақылдар егінін жинауды қамтамасыз ету және шаруашылықтарды егін жинау техникаларымен жарақтандыруды арттыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Ауылшарминінің және "Кең дала" акционерлік қоғамының "Краснояр комбайндар заводы" акционерлік қоғамынан лизинг шартымен Қазақстан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне 1996 жылы егін орағы басталғанға дейін облыстар әкімдерінің кепілдігімен мынадай шарттармен:

1996 жылғы 10 шілдеге дейін Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы мемлекеттік ресурстағы астықты сату есебінен комбайндар құнының 30 проценті мөлшеріне алдын ала төлем жасай отырып:

лизинг берушілермен шарт бойынша "Краснояр комбайндар заводы" акционерлік қоғамының есебіне комбайндар құнының 30 проценті мөлшерінде төлем жасаудың екінші бөлігін 1996 жылғы 15 қарашаға дейін астық қабылдау кәсіпорындарына өткізген ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің астығымен жүргізе отырып;

1997 жылғы 10 сәуірге дейін Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы мемлекеттік ресурстағы астықтың кепілдігімен коммерциялық банктердің кредиттері есебінен комбайндар құнының 40 проценті мөлшеріндегі қалған бөлігіне төлемді жүзеге асыра отырып 1 мың егін жинау комбайндарын сатып алу және беру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясымен мынадай схема бойынша:

комбайндар құнының 30 проценті көлеміне - 1996 жылғы 1 желтоқсанға дейін;

комбайндар құнының 40 проценті көлеміне - 1997 жылғы 1 желтоқсанға дейін тағамдық астықпен есеп айырысады.

3. Облыстардың әкімдеріне сатып алынатын комбайндарды тиімді пайдалану мақсатында осы комбайндарды басқару мен пайдалану құқығын бөліп беруді "Кең дала" акционерлік қоғамы жүйесінің механикаландырылған отрядтары арқылы жүзеге асыру ұсынылсын.

4. Облыстар мен аудандардың әкімдері, Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы, сондай-ақ сатып алынған комбайндар жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен кооперативтері комбайндарды берушілерге төлем жасау үшін, сондай-ақ Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясына 1996-1997 жылдары осы өкімнің 2-тармағына сәйкес көлемде 1996 жылғы егіннің тағамдық астығының қажетті мөлшерін элеваторларға дер кезінде беруді қамтамасыз етсін.

Премьер-министрдің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК